«ТБК group company»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Товарищество с ограниченной ответственностью
г. Шымкент, Енбекшинский район, квартал 261, д.74
e-mail: tamerlan_company@mail.ru

№ 69
«03» Сентября 2018

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Түркістан облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит департаментінің
басшы Б.К.Қошербай мырзаға

«ТБК group company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - Өнім беруші), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Оңтүстік Қазақстан филиалы (әрі қарай - Ұйымдастырушы) тарапынан жарияланған электронды мемлекеттік сатып алу порталында хабарландыру нөмірі 2746839-1, атауы «3 жылға арнайы техникаларды жалға алу қызметтерін сатып алу (кайта беру)» ашық конкурсына қатысқан болатын. Аталған ашық конкурс бойынша, Ұйымдастырушы тарапынан 2018 жылдың «27» тамызында қорытындылар туралы хаттамасы шығарылып, ашық конкурстың 2 (екі) лоты бойынша да жеңімпаз анықталған. Ол хаттамамен «ТБК group company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі түбегейлі келіспейтіндігімізді, және конкурстың қорытындысында бірнеше заң бұзушылықтардың анықталғанын білдіреміз.

Ашық конкурстың талаптары бойынша, 3 (үш) жыл көлемінде арнайы техникаларды «жүргізушілермен» бірге жалға алу қызметтері көрсетілген. Атап айтқанда, нөмірі 17312468-ОК4 лоты бойынша «экскаватор драглайн» 25 дана, ожау көлемі 0,65 м³ кем емес, және нөмірі 17311118-ОК4 лоты бойынша «бульдозер» 25 дана, 118 кВт./ 160 аттылы күшімен.

Алдын ала рұқсат беру хаттамасында «Ер-Серік 2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Ұйымдастырушы тарапынан біліктілік (квалификация) талаптары бойынша арнайы техникалардың техникалық мінездемесін көрсету турасында ескерту берілген. Өтінімдерді толықтыру барысында аталған ескертуге «Ер-Серік 2» ЖШС тарапынан шара жасалмаған. Соның салдарынан 17312468-ОК4 лоты бойынша талап етілген 25 дана «экскаватор драглайн» арнайы техникасының орнына, «Ер-Серік 2» ЖШС 15-дана «экскаватор драглайн», 10-дана «гидравликалық экскаватор» арнайы техникасын көрсеткен. Гидравликалық экскаватор арнайы техникасы, экскаватор драглайн арнайы техникасымен салыстырғанда мүлдем басқа техника, техникалық мінездемелері сәйкес келмейді.

Ашық конкурстың жалпы 17312468-ОК4 және 17311118-ОК4 лоттары бойынша, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес 50 (елу) жүргізуші тракторист-машинист адам болуы керек. Бұл құжаттар бойыншада бірнеше заңсыздықтар орын алып отыр.

«Ер-Серік 2» ЖШС-нің техника тізімінің ішінде көрсетілген эксковатор ROBEX 2900 LC-7 тіркеу нөмірі ALD266X, және булдозер Б-170М101В тіркеу нөмірі AND723X меншік иесімен жалға беру шарты жасалмағаны анықтап отырмыз. Бұл меншік иесі Досметов А.С., Юлдашбеков З.А. жалға бермегенін жөнінде арызымен расталған. Арыздардың көшірмесі қосымша екі дана парақта тіркелген.

Жоғарыда көрсетілген нақты заң бұзушылықты және бірнеше сәйкессіздіктерді ескере отырып, аталған ашық конкурстың ақ-қарасын ажыратып дұрыс шешім шығарып берулеріңізді сұранамыз.

«ТБК group company» директоры Тағыбаев М.Э.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ БСН 060740007042 ТБК group company БИН 060740007042 ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс № 31-7-186
"03" 09 2018 ж